

ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВ ТҰЛҒАТАНУШЫ

Бейсенбекова Н.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Жауымбай С.У., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Орынбекова Р.Ж., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Адамзат тарихының барысын ұғыну кезінде қоғамдық ортадағы тұлғаның рөлі туралы сұрақтар туындайды. Тарихты тұлғалар жасайды деген айқын шындықтан тарих философиясында табиғи және кездейсоқ қатынастар туралы маңызды проблема туындайды, бұл өз кезегінде жеке тұлғаның рөлі туралы мәселемен тығыз байланысты.

Тарихтағы тұлғаның рөлі мәселесі әр ұрпақ үшін әрқашан да өзекті болып табылады. Қоғамдағы «жағдай факторының» әсерінен үлкен топтың арасынан алға озып шыққан, бәрінен озық тұратын тұлғаны ұлттық элита деп айтуға негіз бар. Осы анықтамаға Е.А. Бөкетовтың бүкіл болмысы жауап береді. Өйткені оның, тұлға ретінде қалыптасып, ізгілік жолында еңбек етіп тағлымды ғұмыр кешуіне өмір жолында кездескен адамдардың және оқыған әдебиеттердегі тарихи тұлғалардың ықпалы өте үлкен болған. Евней Арыстанұлының дүние танымының қалыптасуында Шоқан Уалихановтың, Адольф Янушкевичтың еңбектері және өскен ортасындағы абыз ақсақалдардың батырлар туралы әңгімелері үлкен ықпалын тигізген. Соның нәтижесінде ұлы ғалымның тұлғаға байланысты тұжырымдары қалыптасып, жанында жүрген жақсы адамдарды және жас ғалымдарды тұлға ретінде бағалап қамқорлық жасай білді.

Орталық Қазақстанда (1972 жылы) жаңадан ашылған, Республикадағы екінші университетке маман кадрларды шақырып, олардың тұлға болып қалыптасуына ректор басшы ретінде барлық мүмкіншілікті жасады. Сондай қамқорлықтың арқасында ұстаз, тұлға болып қалыптасқан жандардың бірі осы мақаланың авторлары. Евней Арыстанұлының шақыруын көптеген жас мамандар қабыл алып арқа жеріне келді. Өйткені сол уақытта Евней Арыстанұлының есімі ғылымда, әдебиетте кеңінен танымал болған еді. Атақты академиктің есімінің өзі сол кездегі жастар үшін бір билік белес болып сыналатын. Сол ұлы адамның қол астында қызмет жасау, онымен тілдесіп сөйлесу, тіпті оны сыртынан көріп қалу жастар үшін керемет қуаныш, мақтаныш болды.

Е.А.Бөкетов өзінің «Грани творчества» деген еңбегінде университетке келген жас мамандардың педагог, ғалым-тұлға ретінде қалыптасып ғылымға талпыланған қадамдарын, ұсыныстарын қолдап отырғандығын жазады. Осы еңбегінде жас ғалым-педагогтардың атқарып жатқан еңбектері туралы нақты мысалдар жазып көрсеткен. Жас ұстаздардың жаңа университетте өмір жолдарын көрсету барысында олардың өмірінде өзінің үлкен ағалық қамқорлығын жасап бағыт - бағдар бергендігін айтпайды. Бірақта оның ағалық, әкелік және ұлттық ғылымға деген қамқорлығын көрген жастар еңбекті оқып отырып, оның қарапайымдылығын түсіндік.

Евней Арыстанұлының мемуарлық шығармаларында ұлы ойшылдардың, атақты ғалымдардың еңбектерінен үзінділер, қанатты сөздері жиі кездеседі. Сол арқылы автор өз елінің өткен тарихына, мәдениетіне құрметпен қарап, болашағын болжаған басқа ұлт өкілдерінің біздің тарихымыздағы ролін және тұлғалық қасиетін көрсетеді. Сондықтан да академиктің еңбектерін оқыған бүгінгі жастар, тіпті үлкен ел ағаларыда бір мезгіл ел тарихы, ұлттық мүдде, қазақ халқының болашағы жолында еңбек ету адамның тұлғалық қасиетін танып біле алады.

Евней Арыстанұлы өз еңбегінде былай дейді: «ұлттың ғылыми жұмысы - ұлт мүддесін ойлайтын тұлғалық қасиеті бар үкіметтік биліктің қолдауымен іске асады. Сол қолдауды түсініп барлық ақыл-ой, іс-әрекетін жұмсайтын жекеленген ғалымдар, ғылыми ұйымдар ғылымды алға жетелейді. Егер екеуі саналы түрде бірлесіп, барлық күшті біріктірісе қазіргі мемлекеттің гүлденуін тездетеді». Осы ойларының бүгінгі біздің еліміздің ғылымын дамытуда өзекті екені анық. Бүгінде ел қамын ойлайтын Тұлға жаңа технологияларды дамыту, ғылымның барлық саласын өркендету және нағыз ғалымдардың ашқан жаңалықтарын қолдау үшін барлық мүмкіндіктерді жасауда.

Е.А. Бөкетовтың әмбебап тағлымын біз оның еңбектерін оқып талдау арқылы білдік. Ұлы ұстаз академик, ғалым, жазушы, аудармашы, сыншы, тұлғатанушы Қарағанды университетінің бірінші ректоры Е.А.Бөкетовпен ХХ ғасырдың 40-80 жылдары белсенді қызмет атқарған уақытында кездестік. Ол жылдар Қазақстан тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі болып саналады. Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталған соң, жоғарғы оқу орындарында оқыған қазақ жастарының әлеуметтік-экономикалық, тұрмыс жағдайы өте ауыр болғандығын ол өз еңбектерінде жазды. Әсіресе, «Досыма алты хат» [1] деген еңбегінде ғалым, өзінің Алматыға оқуға барар алдында ауыл ақсақалы ірі тұлғадан бата алған кезіндегі, абыз атаның «біздің руда атақты Алыпқаш батыры болды, сен соның ұрпағысың, батыр болмасаңда өзінді ешкімге жәбірлетпе, намысыңды қорлатпа» деп бата бергенін айтады.

Алыпқаш батыр Евней Арыстанұлының бабасы. ХVІІІ ғасырдың ортасында өмір сүрген, қазақ-қалмақ соғыстарының кезінде Абылай ханның қазақ жерін қорғау үшін күш біріктірген уақытында тарих сахнасында болған тарихи тұлға. Арғы атасының ерліктері жайлы аңыз әңгімелерді естіп өсуі Евней Арыстанұлының қоғамдық ғылымдарды жақсы көрінуіне ықпал етті.

Қазақ халқының тарихындағы негізгі шаруашылық қой малын өсіру болғандығы оның «Грани творчества» [2] атты еңбегінде жан-жақты бейнеленген. Қазақ халқының қойды бағып, өсіруде табыстарға жетуінің сырларын жазады. Өзінің жанұясындағы бауырларының мал бағудағы тәжірибелерін, жетістіктерін баяндайды. Малшылар өмірінің қиын-қыстау кезеңі, олардың көшіп-қону барысындағы өмірі жақсы бейнеленген. Сондай өмірдің бір мысалы, И.Қарақұловтың жанұясындағы 14-ші бала болып, көш барысында түйе қомында туған Ишанбай туралы еңбегінде, қазақ халқының көшпелі өмір салты жайлы қызықты тарихи материалдарды жазған.

Ишанбай Қарақұлов 1909 жылы дүниеге келген. Балаға есім берудің салт-дәстүрге, дүние танымға байланысты болатындығын білген Евней Арыстанұлы, қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарын түсіндіре жазып, баланың есімін Ишанбай болсын деп аталауының мәнін түсіндіреді. Сол баланың болашақ атақты ғалым, екі ғылым

академиясының (ҚазақССР және Қарақалпақ АССР) корреспондент мүшесі және СССР медицина ғылымының мүшесі, екі республиканың (ҚазақССР және Қарақалпақ АССР) ғылымына еңбек сіңірген қызметкері, медицина ғылымының докторы, профессор және мемлекеттік, қоғамдық қызметкер, КСРО және ҚазақССР жоғарғы кеңесінің депутаты, Совет-Үнді достастығы қоғамының министрі болатындығын көшпелі қазақтың түсіне де кірмеген еді деп жазады. Қара шаңырақта көшпелі қоғамда туып үлкен тарихи тұлға айналған ғалым туралы еңбегінің де тағылымы мол. Осы еңбегінде 1909 жылы қазақ даласына саяхат жасаған шетелдік Р.Карутцтің қазақ қоғамындағы көшпелі өмір салты, бақташылардың ауыр экономикалық жағдайын жаза келе, қазақ қоғамы тек көшіп-қону арқылы малын сақтап қалады, жыл бойы көшу барысында балалары туып өсіп жатады. Қазақтар өмірінде мал басты роль атқарады, тіпті олардың бір-бірімен амандасуы «Мал, жан аман ба?» деген сөзден басталады. Олардың тұрмысы өте нашар деген ой-пікірін айта отырып, бұны жазған адам өзінің көшпелі халықтан жоғары тұрғандығын білдірген, қазақ халқының болашағына сенімсіздік танытқан деп жазады. Қазақты жаман деп, менсінбей қарап, олардың рухани, адамгершілік қасиеттерін көргісі де келмейді дейді: «Дұшпан аяққа қарайды, дос басқа қарайды» деген мақаланың мәнін аша келе, Р.Крутц сияқты европалықтар менің ата-анамның қарапайым тігілген аяқ киіміне қарап олар туралы ой қорытуы жиі кездесетін оқиға еді. Алайда, дейді Евней Арыстанұлы, менің халқымның жан-дүниесін ұғатын, болашағының жарқын болатынына сенген адамдар да болды. Олар менің халқымның бетіне тура қарап, одан адамгершіліктің, тектіліктің, табиғи дарындылығын тани білді. Солардың бірі XIX ғасырда қазақ даласына келген саяси қуғындалған поляк революционері А.Янушкевич еді. Ол менің ата-бабаларым туралы былай деп жазды: «И все это ведь, думал я, слышу я своими ушами в степи, среди народа, который мир считает диким, варварским! Несколько дней тому назад я был свидетелем столкновения между двумя враждующими партиями и с удивлением рукоплескал ораторам, которые никогда и не слышали о Демосфене и Цицироне; а сегодня передо мной выступают поэты не умеющие ни читать, ни писать, однако поражающие меня своими талантами, ибо песни их так много говорят моей душе и сердцу. И это дикие варвары? И это народ, вовек предназначено быть только никчемными пастухами лишеными всякого иного будущего. О, нет! Воистину! Народ, который одарен творцом такими способностями, не может остаться чуждым цивилизации: дух ее проникнет когда-нибудь в киргизские пустыни, раздует здесь искорки света и придет время, когда кочующий сегодня номад займет почетное место среди народов, которые нынче смотрят на него сверху вниз, как высшие касты Индостана на несчастливых пориев» [3] 1846 жылы жазылған күнделіктегі жазбаларынан үзінді келтіре отырып талдады. Сонымен қатар орыс халқының алдыңғы қатарлы ойшылдары менің ата-бабаларымның ақылын, қабілетін бағалап оларға қараңғылықтан шығуға көмектесті деп жазады. Қазақ халқының тарихында ұлы жазушы демократ Федор Михайлович Достоевскийдің орнын көрсетіп, оның 1854 жылы 19 жасар Шоқан Уәлихановпен кездескенін жазған. Әсіресе Шоқанның Семейдегі досына жазған хатынан: «Я не мастер писать о чувствах и расположении, но думаю, что это ни к чему. Вы, конечно, знаете, как я к Вам привязан и как я Вас люблю... Омск так противен со своими сплетнями и вечными интригами, что я не на шутку думаю его оставить. Как вы думаете об этом? Посоветуйте, Федор Михайлович, как это устроить лучше» үзінді келтіріп, оған Ф.М.Достоевскийдің керемет жауабын талдайды. Евней Арыстанұлы: «бұл хатты толғаныссыз талқылап оқу мүмкін емес. Орыстың ұлы жазушысы жас Шоқанға деген достық көңілін білдіріп қана қоймайды, осы хатта менің халқым мен орыс халқының арасындағы ұлы достықтың болатындығын көрсеткен». Содан кейін, Евней Арыстанұлы Ф.М.Достоевский хатының шындығында пайғамбарлық сөздері бар жолдарынан үзінді келтірген: «... Не велика ли цель, не святое ли дело быть чуть ли не первым из своих, который растолковал России, что такое Степь, ее значение и ваш народ относительно России, и в то же время служить своей Родине, просвещенным ходатаем за нее у русских. Вспомните, что вы первый киргиз, образованный по-еврейски вполне. Судьба же вас сделала вдобавок превосходнейшим человеком... вы первый из нашего племени, достигший образования европейского. Уже один этот случай поразителен, и сознание о нем невольно налагает на вас и обязанности». [4] Хаттағы Ф.М.Достоевскийдің ағартушылық арманы мен ғажайып ой пікірлерін ұлтымыздың тарихында Шоқан Уәлихановтың ағартушы демократ ретінде атқарған істері дәлел болды. Оның рухани мұрасын Абай жалғастырып, қазақ халқын білімге, өнер, кәсіп үйренуге шақырды. Абай заманын суреттеп жазу арқылы XIX ғ. II жартысындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелу, оқу-ағарту мәселелерінің қазақ үшін маңызды болғанын көрсетеді. Абай өз өлеңдерінде руластары оны түсінбейді деп өкінген, алайда Е.А.Бөкетов Абайдың идеясы, оқу білімге шақырған жырлары одан кейінгі жас ұрпаққа рухани азық болды деп ой қорытады. Абайдың үндеуі, үгіт насихаты тек Қазан төңкерісінен кейін ғана іске аса бастады деп жазады автор. Сонымен қатар Е.А.Бөкетовтың еңбегінде Қазақстандағы кеңес үкіметі орнағаннан кейін, қазақ жастарының оқып, білім алуға жол ашылғандығы жазылады.

Бірақта қазақ жастарының оқуы азамат соғысынан қираған шаруашылықты қалпына келтіру, аштық жылдарындағы зобалаң кезіне тап келді. Сондықтан қазақ халқының кәсібі ғалымдары кештеу қалыптасты. Соған қарамастан, бірінші ғалым – академиктер Қаныш Имантайұлы Сатпаев, Мұхтар Омарханұлы Әуезов болды. Олардың бәрі ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың алғашқы бесжылдықтар жылдарында Москва, Ленинград, Томск, Ташкентке барып, орыс тілін нашар білсе де аш, жалаңаш жүріп-ақ оқып-білім алуға ұмтылды. Осы жолдарды жаза отырып Е.А.Бөкетов Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары Қазақстанда ешқандай жоғарғы оқу орнының болмағандығын көрсетеді. Сондай жағдайда шетте жүріп білім алған қазақ жастары елге оралып, техникумдар мен жұмысшы факультеттерін, содан соң институттар ұйымдастырған кезеңді суреттеп жазды.

Академик Е.А.Бөкетовтің еңбектерінде XX ғ. 30-40 жылдарында Қазақстанға келген орыс ғалымдары Г.А.Тихонов, В.Г.Фесенков, Н.Г.Кассин, М.П.Русаков, М.И.Усанович туралы жазған. Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Оңдасынов Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО Ғылым Академиясының Президенті академик В.Л.Комаровпен болған сұхбатында Алматыда болашақ ғылыми орталық құру жайлы, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы айтқандарын Е.А.Бөкетовке айтып береді. Содан кейін Евней Арыстанұлы сол кездегі үкіметтің ғылымға деген қамқорлығы жайлы айта келе, Қазақстандағы Ғылым академиясының, ғылыми институттардан құрылуы

жайлы жазды. Оның еңбектерінен ХХ ғасырдың 30-70 жылдардағы Қазақстандағы ғылым мен білім және мәдениеттің қалыптасуы даму тарихы туралы мол ақпарат алуға болады.

Ғылымды дамыту үшін мемлекет қамқорлығын керектігін үнемі айта жүріп, ХХ ғасырдың 50-70 жылдарындағы Қазақстандағы тау-кен өндірісі саласында мемлекет саясатын нақты мысалдар негізінде талдап жазып қалдырды. Оның пікірінше, біздің елімізде қос құндылық – халық пен мемлекеттің жарасымды үйлесімділікпен ілгерлеуіне қажетті алғышарттары көп. Солардың бірі – ұйымдастыра басқару. Қазақстан Республикасында мемлекет тарапынан ғылымды, білімді басқарудағы жетістіктердің бірі геология саласын жетілдіру болды. Өзі химия – металлургия институтын басқара жүріп, республикада және республикадан тыс жерлерде де өткен ғылыми теориялық конференцияларға қатысып, химия ғылымы саласы бойынша ғылыми мамандардың қалыптасуына көп көңіл бөлді. Химия ғылымы саласына арналған докторлық, кандидаттық диссертацияларға ғылыми жетекші болды. Сонымен қатар ол өз еңбектерінде Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының бірі Қарағанды Мемлекеттік университетінің құрылуы, өсіп даму тарихында жан-жақты баяндаған. Ұлттық тарихымызда бүгінде ғана көңіл бөліп, тарихи тұлғалар жайлы жекелеген зерттеулер жазыла бастады. Бұл мәселені де академик Е.А.Бөкетов өткен ғасырдың 60-70 жылдарында жаза бастаған. Оның Қ.И.Сәтбаев туралы алғашқы очеркі «Промелькнувший метеор в Млечном Пути» деген атпен 1969 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланды. Бұл еңбекте ол Қаныш Сәтбаев өз елінің аспанында жарқыраған үлкен жұлдызға айналып, бүгін бізге жарқырап жарығын төгуде деп жазды. [5]

Отандық тарих ғылымында ұлт зиялылары туралы жазылған зерттеулердің жоқтығын түсіне білген де Евней Арыстанұлы Бөкетов еді. Оның ұлттық тарихымыздағы жарық жұлдыздардың бірі академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның Евней Арыстанұлына жазған хаттарынан көруге болады. Сол хаттарда Ә.Х.Марғұлан Е.А.Бөкетовке Қ.Сәтбаев туралы кітап жазу үшін көп ақыл кеңес береді. [6] Хаттардың мазмұнынан екі академик арасындағы достықты, сыйластықты көруге болады. Ұлттық тарихтың білгірі, энциклопедиялық білімнің қазынасы Әлкей Хақанұлы Марғұлан мен Евней Арыстанұлының достығы бүгінгі жас ұрпаққа зор үлгі, мақтаныш болады.

Қ.И.Сәтбаев туралы очеркінде автор Қазақстандағы ғылым академиясында үлкен ғылыми жұмыстардан басқа Қаныштың өскен ортасы, балалық шағы, ауыл тұрмысы, оның мұсылманша хат танып, қазақ-орыс шорман мектебінде оқығаны туралы жазғандары тұнып тұрған Отандық тарихтың бір бөлігі.

Академик Е.А.Бөкетовтың еңбектерінен ұлттық мәдениеттің, ғылымның қалыптасуы мен дамуында ресей ғалымдарымен ынтымақтастық жайлы көп деректер кездеседі. Ресейдің атақты ғалымдары жайлы жаза отырып, тарихтағы зиялы қауымның орны мен ролі, олардың достығы деген проблеманы көтереді. Сонымен қатар, кеңестік дәуірде қазақ тілінің шектеу көргендігін ашық жаза алмаған академик «Толковый словарь казахского языка» атты еңбекті талдай келе «біз бала кезден ақын-жыраулардың өлеңдерін естіп өстік. Абай, Жамбыл, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сияқты тұлғалардың сөйлеген әдеби қазақ тілін техника ғылымында, химия, физика саласында сөйлететін инженер, агроном, ботаниктер заманы келер» дейді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру керек екендігін ол сол заманда түсінген. Міне оның ұлылығы осыдан да көрінеді. Оның ой-арманы бүгінде тәуелсіз ел болғанда ғана іске асты. Е.А.Бөкетов жаңа оқу жылы басталған кезде, оқуға түскен жастардың алдында дәріс оқитын. Сондай дәрістердің бірінде студент жастарға кімнен үлгі-өнеге алу керектігін, ұқсауға лайық тарихи тұлғалардан кімдер бар екенін айтады. Олар: Құнанбай мен Абай, Шоқан Уәлиханов пен Қаныш Сәтбаев, Ломаносов пен Пушкин, Мұхтар Әуезов, Шахмардан Есенов, Ш.Шокин т.б. есімдерін атайды. Ол осы тарихи тұлғалардың есімдердің әрқайсысының өмір жолдарын, қалдырған рухани шығармалары және адами тұлғалық қасиеттері жайлы жазып қалдырды. Сондықтан да тарихтағы тарихи тұлғалардың және жанында жүрген жақсы адамдардың қадір-қасиетін терең түсіне білген адамдардың бірегейі академик Е.А.Бөкетов дейміз.

Е.А.Бөкетов ХХ ғасырдың 70 – 80-ші жылдары басшы ретіндегі әділдігін, жақсылығын, әкелік қамқорлығын және ғылым жолындағы жаңашырлық пен демеуін біздер сияқты көптеген жас мамандар көрді. Ол Алаштың нағыз тарихи тұлғалы азаматы болған еді.

Е.А. Бөкетовтың жастарға тұлға ретінде қарап қадірлегенін 1970 жылдардағы жас ұстаз бүгінгі аға буын ұстаздың мына сөзінен көруге болады: «екі ұлы ғұлама ғалым, екі академиктің маған қарап, бірі ой, батыр!, екіншісі шырақ деген сөздерін естіп жүріп ғылымға келгенімді, және екеуінің ақ батасын алып ұстаз ғалым – болғанымды Алланың сыйы деп қабылдадым. Академик Е.А.Бөкетовтен ғылым деген үлкен өмірге жолдама алып, академик Ә.Х.Марғұланның соңғы аспиранты болу бақты екінің біріне бұйырса, ол маған бұйырған екен. Осы екі ұлы ғұламалардың алдында тірісінде басымды иген едім, енді бірінің 100 жылдығы, екіншісінің 120 жылдан астам өмірімен олардың рухының алдында басымды иемін». Міне осы пікірден ұлы тұлғаның адами қасиетін ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келе жатқандығын көреміз.

Қорыта айтсақ, академик Е.А.Бөкетов тарихтың тағылымы мен сабақтарын және тұлғатанудың шебері болған. Ол бастаған химия ғылымындағы көмірден мұнай алу идеясының бүгінде Қазақстан Республикасының инновациялық даму бағдарламасымен үндес болуыда оның нағыз ғалым болғандығының дәлелі. Ұлы даланың, ұлы перзенті академик Евней Арыстанұлы Бөкетов, Күлтегін жазуында айтылғандай, «күндіз отырмастан, түнде ұйықтамастан бүгінгі өзінің есімімен аталатын Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің іргетасын қалады, халқына қызмет етті. Ол еліне, ғылымға, білімге аянбай еңбек еткен алаштың азаматы. Республикадағы екінші университеттің бірінші Ректоры болып, уақыт талабынан шыға білді. Оны бүкіл Қазақстан халқы мойындады.

Е.А.Бөкетов негізін салған Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің бүгінгі басшылары ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, академик Е.А.Бөкетовтың ғылыми, педагогикалық, адами жолын ұстанып, ондағы қызмет атқаратын әр ұстазға тұлға ретінде қарайды. Сондықтан да университетт дүниежүзілік ғылыми қауымдастыққа танылды. Сол арқылы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті бүгінгі жастарға ғылым, оқу, тәрбие беру жайлы тәуелсіз Отанымыздың ұлттық тарихында өз орнын алуа.

Бүгінде біз дананың дархандығын бойына дарытқан, Алыпқаш батырдың ұрпағы, ұлы ғалым, тарихи тұлға Е.А.Бөкетовтың қамқорлығымен қазақ елінің ғылым деп аталатын ұлы көшіне ілесіп, ғалым, профессор атанып, «университетке еңбегі сіңген қызметкер» атағын алып Е.А.Бөкетов атымен аталатын қасиетті қара шаңырақта жас ұрпаққа білім мен тұлғалық тәрбие беріп жүрміз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бөкетов Е.А. «Шесть писем другу». – Алматы: 1989. -288 б.
2. Бөкетов Е.А. «Грани творчества» [Очерки]. –Алматы: 1977. -124 б.
3. Янушкевич А.М. «Дневники и письма из путешествий по киргизским степям». -Алматы: 1966. -125 б.
- 4.Бөкетов Е.А. «Грани творчества» [Очерки]. –Алматы: 1977. -124 б.

ӘОЖ 332.143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Баяндин М.А., Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан
Баяндина Г.Д., Алматы Менеджмент университеті, Алматы қ., Қазақстан
Нефтисов А.В., Astana IT University, Астана қ., Қазақстан
Қуатбеков Ж.А., Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

Кіріспе. Бүгінгі күні әлемдік мәселелердің бірі ретінде күн тәртібінде тұрған маңызды сұрақтардың бірі ол – су қауіпсіздігі болып тұр. Бұл проблема көптеген елдер үшін, оның ішінде теңізге шығу мүмкіндігі жоқ және су тапшылығы бар ел болып табылатын Қазақстан Республикасы үшін де өте өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасында су тапшылығы мәселесін шешу басты тақырыптардың бірі болып табылады. Су ресурстарының шектеулілігін ескере отырып, бұл мәселе елдің ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін компонент ретінде қарастырылады. Шекаралас жатқан басқа елдермен салыстырғанда Қазақстандағы су ресурстары шектеулі, дегенмен су тапшылығы тек бірнеше аймаққа қатысты өзекті болып табылады.

Алайда геосаяси сипатқа ие болатын су мәселесі барлық шекаралас елдерге, оның ішінде біздің елге де қатысты, себебі бүгінгі таңда біздің мемлекетіміз трансшекаралық өзендер мен су айдындарының ресурстарын пайдаланудың жаһандық мәселелеріне тап болып отыр. Қазақстанда қазірдің өзінде сегіз су бассейнінің алтауы су тапшылығын бастан кешіруде. Егер бұл мәселемен қазірден бастап айналыспаса, болашақта су тапшылығы тек күшеюі мүмкін.

Соңғы жылдары Қазақстанда су ресурстарын мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған және қажетті қаржы мен инвестицияларды бөлуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірқатар мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Сонымен қатар, ел үкіметі халықаралық қаржы қорлары мен институттарын тарту мүмкіндіктерін пайдалануда зерттеулер жүргізіліп, мамандар мен мүдделі тараптарға бірнеше шолулар жасалды [1, 9-10 б.].

Зерттеу әдістері. Қазақстан Республикасындағы су ресурстарының қазіргі жай-күйін зерттеуде қойылған міндеттерді шешу кезінде сапалы да, сандық та зерттеудің кең ауқымды ғылыми әдістері пайдаланылды, олар: статистикалық әдістер; нормативтік-құқықтық базаны талдау; құжаттар мен есептерді талдау; ғылыми талдау, сараптамалық бағалау, графикалық бейнелеу және жалпылау әдістері.

Осы әдістерді қолдану Қазақстан Республикасындағы су ресурстарының қазіргі жай-күйіне зерттеу жүргізуге және оларды орнықты басқару жөнінде негізделген ұсынымдарды әзірлеуге мүмкіндік берді деп сенеміз.

Нәтижелер және талдау. Гидрографиялық қағидат бойынша ел аумағы сегіз су шаруашылығы бассейніне бөлінген: Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Жайық-Каспий, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай және Шу-Талас.

Су ресурстарының негізгі көлемі 106 км³ орташа көпжылдық көлемде жер үсті суларын қамтамасыз етеді, оның 55,7%-ы ел аумағында қалыптасады, қалған 44,3%-ы Қытай, Өзбекстан, Ресей және Қырғызстаннан трансшекаралық өзендердің ағынының арқасында құралады, бұл 1-кестеге сәйкес елдің қазіргі және әлеуетті су проблемаларын шешу үшін трансшекаралық ағындарды реттеудің маңыздылығын едәуір арттырады [2].

1-кесте – Өзен ағынының орташа көпжылдық ресурстары, км³

№ п/п	Су шаруашылығы бассейндері	Жергілікті ресурстар	Елден тыс ағын		Жиынтық ресурстар	Елден тыс кету		
			барлығы	іргелес елдердің аумағында қалыптасқан		барлығы	қайтарымсыз	қайтарымы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Арал-Сырдария	3,20	16,9	16,5	19,7	0,38		0,38
2	Балқаш-Алакөл	18,5	13,5	12,5	31,0	0,96		0,96
3	Ертіс	26,8	8,32	6,96	33,8	25,1	23,7	1,36